

## Қазақстан Республикасы Президентінің "Сақтандыру туралы" заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1996 жылғы 23 тамыз N 35-І

Қазақстан Республикасы Президентінің "Сақтандыру туралы" 1995 жылғы 3 қазандағы N 2475 U952475\_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 19, 115-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

- 1) 3-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы редакцияда жазылсын:  
"Міндетті сақтандыру ерекшеліктері, осы Жарлықта көзделгеннен басқа жағдайларда, арнайы заңдармен реттеледі";
- 2) 5-баптың 2-тармағының бірінші сөйлемі мынадай редакцияда

жазылсын: "Міндетті сақтандыру түрлері, осы Жарлықта көзделгеннен басқа жағдайларда, заң актілерімен белгіленеді";

- 3) 5-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:  
"Егінді, көп жылдық өсімдіктерді, ауылшаруашылық жануарларын, қозғалатын және қозғалмайтын мүлікті, ауылшаруашылық өндірісінің өнімдері мен тауарларын қолайсыз табиғи-климаттық жағдайлардан, эпизоотиядан және басқа дүлей зілзаладан міндетті сақтандыру белгіленсін".

Қазақстан Республикасының  
Президенті